# Зат есім,сын есім,сан есімнің сөйлемдегі қызметі

**7-сынып**

| Зат есім | Сын есім | Сан есім |
|---|---|---|
| Атау септігінде тұрып,бастауыш болады.<br>*Таулардан өзен ағар,сарқыраған.* | Заттанған сын есім,бастауыш болады.<br>*Баланың жақсысы-қызық, жаманы-күйік.* | Сан есім атау септігінде тұрып, бастауыш болады.<br>*Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді.* |
| Зат есім жіктеліп келіп,сөйлемнің баяндауышы болады.<br>*Ақ басты Алатаудың Жамбылымын.* | Сын есім жіктік тұлғада тұрып, сөйлемнің баяндауышы болады.<br>*Әлсіз адам сүріншек.* | Сан есім жіктеліп келіп н/е көмекші етістіктермен тіркесіп келіп сөйлемнің баяндауышы болады.<br>*Атадан-алтау, анадан-төртеу.* |

| | | |
|---|---|---|
| Зат есім ілік септікте н/е түбір тұлғада тұрып, анықтауыш болады.<br>***<u>Абайдың</u>*** *қонақтары ымырт жабылар кезде ғана көрінді.* | Сын есім сөйлемде негізінен анықтауыш қызметін атқарады.<br>Сын есім ілік септігінде тұрып, анықтауыш болады.<br>***<u>Жақсының</u>*** *жақсылығын айт нұры тасысын.* | Сан есім заттың санын,мөлшерін, ретін білдіреді,сол себепті сөйлемде анықтауыш болады.<br>Сан есім ілік септігінде тұрып та анықтауыш болады.<br>***<u>Екі</u>*** *достың бірі ыңғайлы,*<br>***<u>біреуінің</u>*** *ебі жоқ.* |

| | | |
|---|---|---|
| Зат есім т.с. ж/е б. с,ж.с,ш.с, к.септіктерде тұрып, толықтауышболады. *Көк торғын Көкшетауды мұнар басқан.* | Сын есім т.с. ж/е б.с,ж.с,ш.с, к.септіктерде тұрып заттанып, толықтауыш болады. *Білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кез.* | Сан есім т.с. ж/е б.с, ж.с,ш.с, к.септіктерде тұрып, толықтауыш болады. *Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар.* |

| | | |
|---|---|---|
| Зат есім б.с,ж.с, ш.с,к.септіктерінде тұрып н/е түбір тұғада мезгілдік, мекен-бағыттық, себеп-мақсаттық мәндегі шылаулармен тіркесіп келіп, пысықтауыш та болады.<br>*М:Көкке қарай қанат қағып,Аққу кетті бұлдырап.* | Сын есім сөйлемде етістіктің алдында тұрып, қимыл, іс-әрекеттің сынын білдіріп,қалай? деген сұраққа жауап беріп, пысықтауыш болады.<br><br>*М:Өлеңмен сөзді желдей құйындатқан.* | Сан есімдер септік тұлғасында да, септелмей де етістіктің алдында келіп, пысықтауыш болады.<br><br>*М:Біз екі-екіден бөліндік.* |